

Құрметті депутаттар!
Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау саласындағы негізгі құжат қолданыстағы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» және «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы» Заңдар болып табылады, олар 1993 жылғы 13 қаңтарда қабылданған болатын. Аталған Заңның нормалары өз негізін «КСРО Мемлекеттік шекарасы туралы» КСРО Заңынан алды, соңынан оның бастапқы ережелері нақты құрылған қазақстан-қытай шекарасы учаскесіне бастапқы қойылған талаптарға жауап берді.

Қазіргі уақытта Мемлекеттік шекарадағы жағдай оны қорғауды жетілдіруді, шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жаңа тәсілдер әзірлеуді қажет етеді, бұл әрине құқықтық реттеуді талап етеді. Сондай-ақ қолданыстағы Мемлекеттік шекара туралы заңда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға қатысатын Үкіметтің және басқа мемлекеттік органдардың құзыреті көзделген, ал Мемлекеттік шекараны күзетуді қамтамасыз етуге жауапты негізгі органның құзыреті «Шекара қызметі туралы» Заңда жазылған, оның баптары «Мемлекеттік шекара туралы» заңда жазылған нормаларды қайталайды. Ұлттық қауіпсіздік комитеті қолданыстағы Мемлекеттік шекара туралы Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыстар жүргізді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде қолданыстағы заңнамаға әзірленген өзгерістер мен толықтырулар көлемі мазмұны бойынша оның 50% астам баптарын құрады, бұл «ҚР нормативтік-құқықтық актілері туралы» ҚР Заңына сәйкес нормативтік-құқықтық актіні жаңа редакцияда қабылдауды талап етеді.

Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Заң жобасында:

- шекаралық қауіпсіздікті, егемендік пен аумақтық тұтастықты және шекараға қол сұғылмауын қамтамасыз етуге бағытталған негізгі орган, сондай-ақ шекаралық кеңістікте Мемлекеттік шекараны күзету (қорғау) мәселесінде өзара қарым-қатынастарды ұйымдастыру бойынша үйлестіруші орган – Шекара қызметінің құзыреті неғұрлым нақты жазылған. Бұл шекараны қорғауға қатысатын уәкілетті органдар арасындағы бұрын болған келіспеушіліктерді жоюға мүмкіндік береді;

- кейбір баптарға негізгі ұғымдар келтірілді, бұл уәкілетті органдардың Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) саласында қызметтің әртүрлі аспектілерін бірдей түсінуіне себепші болады (*«шекаралық қызмет», «Мемлекеттік шекараны қорғау», «Мемлекеттік шекараны күзету», «шекара қауіпсіздігі», «шекаралық оқыс-оқиға» сияқты ұғымдар және басқа терминдер ашып жазылды*);

- Қазақстан Республикасының шекаралық кеңістігінде қолданылатын режимдердің ұғымы мен мазмұны анықталды (*Мемлекеттік шекара режимі, өткізу пункттеріндегі режим, шекаралық режим, аумақтық сулар (теңіздер) және ішкі сулар режимі, континенттік қайраң режимі*), оның құрамындағы элементтерді анықтау үшін құқықтық негіз салынды, бұл уәкілетті органдардың құқық бұзушыларға қатысты қылмыстық және әкімшілік заңнамаларды тиімді қолдануына мүмкіндік береді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының өзінің халықаралық міндеттерін орындауын қамтамасыз етеді;

- мемлекеттік, сондай-ақ жергілікті өкілдік және атқарушы органдар, мекемелер міндеттері, меншік түріне қарамай, сондай-ақ Мемлекеттік шекара мәселелерін реттеу саласында Қазақстан Республикасы азаматтарының құзыретіне шек қойылған;

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік шекара комиссиясының құрылуы мен жұмыс істеуі заңды бекітілді. Сонымен бірге, шекара маңы облыстар (аудандар) әкімдігі жанынан шекара мәселелері бойынша үйлестіру кеңесін құру туралы нормалар заңды түрде жазылады, бұрын олар тек бастама түрінде құрылған болатын;

- учаскелердің өзіндік ерекшелік сипаты негізінде Мемлекеттік шекараны санатқа бөлу рәсімі (*іргелес мемлекеттермен*

өзара қарым-қатынас, шекара қауіпсіздігіне қатер, шекара аудандары тұрғындарының әлеуметтік-саяси жағдайы және тығыздығы, жер бедері және т.б.) және Мемлекеттік шекара мәртебесі енгізіледі. Бұл шектеулі ресурстарды бірінші кезекте шекараның едәуір ықтимал қатер тудыратын учаскелерін қаржыландыруды қамтамасыз ете отырып тиімді басқаруға мүмкіндік береді;

- Каспий теңізінің су асты ортасында Мемлекеттік шекараны күзету үшін заңды түрде бір орган белгіленеді;

- шекаралық аймаққа, сондай-ақ аумақтық сулар (теңіздер) және ішкі сулар шегіндегі акваторияға кіретін шекара маңы аумақтары (аудандары) тізбесін белгілеу бойынша нормалар енгізілуде, ол жерде Қазақстан Республикасы Үкіметі кейбір режимдік шек қою іс-әрекеттерін тоқтатуы немесе болдырмауы мүмкін, бұл шекара маңы аумақтарында туризм мен кәсіпшіліктің дамуына оң ықпал етеді;

- Ресей және Беларусьпен Кедендік одақтың құрылуына, сондай-ақ шекаралық және басқа бақылау түрлерінің рәсімдері оңайлатылған «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығының жұмыс істей бастауына байланысты Мемлекеттік шекараны күзету жағдайларының өзгергені көрінеді. Аталғандар бизнес және сауда жүргізуді оңайлату үшін, сондай-ақ Ресей Федерациясымен шекара маңындағы сауда жүргізуді жандандыруға және шекара маңы аймақтарының экономикасына игі әсер етеді;

- Қазақстан Республикасы азаматтарының Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысу тәртібі нақтылануда, олардың міндеттері мен құқықтарының регламенті берілген;

- Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) бойынша міндеттерді орындау кезінде қару-жарақ пен әскери техниканы, арнайы құралдарды, қызметтік жануарлар мен дене күшін қолдану шарттары мен шегі белгіленеді, бұл қолданыстағы Заң нормаларының қайшылықтарын жоюға, қалыпты жағдай өзгерген кезде барынша нақты, тиімді және барабар әрекет етуге мүмкіндік береді.

Айта кету керек, заң жобасында осы жылы шекарада, «Терісайрық» шекара заставасы және «Арқанкерген» шекара постында болған ұқсас төтенше оқиғалардың алдын алу және болдырмау бойынша нормалар көзделген.

Шекара қызметінің басшылығы болған төтенше оқиғалардан сабақ алып, қортынды шығарды.

1) Әскери қызметшілерді ҚР ҰҚК Шекара қызметіне шақыру мен іріктеуді реттеу үшін заң жобасында азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті шақыру комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары басшыларының орынбасарлары қатарынан өкілдері бөлінетіндігі жазылған. Қазақстан Республикасы жергілікті әскери басқару органдары ұсынған жиынтық деректердің негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне қажет шақырылатындар контингентін іріктеуді және мониторинг жасауды жүзеге асырады *(бұл ҚР ҰҚК қызметкерлеріне ҚР ҰҚК ШҚ әскери қызметшілерді іріктеу үшін шақырушылар құрамын бастапқы кезеңде зерделеуге мүмкіндік береді).*

2) Сонымен қатар, заң жобасында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жасақтау үшін әскери қызметке Қазақстан Республикасының азаматтарын іріктеу, зерделеу және шақыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларымен реттелетіндігі көрсетілген.

Сонымен, Мемлекет басшысы мынадай міндет қойды:

- 2013 жылғы қаңтарда құқық қорғау органдарына қатысты өткізіліп жатқан аттестаттау сияқты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің басшы құрамын жаппай аттестаттаудан өткізу;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті аумақтық органдары басшыларының өкілдерін шақыру комиссияларының құрамына енгізу.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы 2012 жылғы мамырда Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Алқа мәжілісінде Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін күзету (физикалық қорғау) бойынша функцияларды Қазақстан Республикасы «Сырбар» сыртқы

барлау қызметінен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне тапсыру талабын айтты.

Мұндай қажеттілік сондай-ақ Қазақстан Республикасының, олардың физикалық күзетін күшейту қажет етілетін шет елдердегі мекемелерінде, ұлттық мүдделеріне қарсы шығулар мен қауіп-қатердің жаңа көздерінің пайда болуынан туындаған.

Аталған тапсырмаларды іске асыру үшін жоғарыда аталған «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Сыртқы барлау туралы», «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заңдарға өзгерістер енгізу талап етіледі.

Ілеспе заң жобасында «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңына толықтырулар облыстық (республикалық маңызы бар қала немесе астана) шақыру комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары басшыларының орынбасарларын қосу нормаларын енгізу көзделген.

Кадрлық саясатты реттеу үшін Шекара қызметінде әскери қызметшілерді кезектен тыс аттестаттаудан өткізу көзделген, ол 2013 жылғы қаңтардан басталады. Құқықтық базаны жасау үшін Мемлекет басшысына *(Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас Қолбасшысы ретінде)* кезектен тыс аттестаттауды *(бұл кезекші норма, бұл ретте Президент Жарлығымен оның тәртібі, мерзімі және аттестаттаудан өтетін әскери қызметшілердің санаты анықталатын болады)* тағайындау туралы заңнамалық құқығын ұсыну туралы заң жобасымен «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңына толықтырулар енгізу көзделген;

Ілеспе заң жобасымен қазақстан-ресей шекарасындағы туындаған проблемаларды реттеу көзделген.

Сонымен, «Салық және бюджетке өзге де міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен әкелінетін импортқа қосымша құн салығын есептеу мақсатында, мемлекеттік бақылаудан өту туралы талон беру бойынша Шекара қызметіне қосымша міндет белгіленді. Бірақ талонды ұсыну формасы мен тәртібі белгіленбеген, сонымен

қатар мемлекеттік органдардың бірлесіп бұйрық шығаруға уәкілеттілігі жоқ. Қазіргі уақытта қолда бар талондардың негіздемесе жоқ *(бірлескен бұйрық уәкілеттіліктің жоқтығынан жойылған)* және тауарлардың атауы бар тараулары бар, осыған байланысты шекарашылар Кедендік одақтың ішкі шекарасындағы әкелінетін тауарларды 100% тексеруді жүзеге асыруға мәжбүр, бұл Кедендік одақтың нормаларына қайшы келеді.

Аталған талаптар қазақстан-ресей шекарасындағы өткізу пунктінің өткізу қабілеттілігіне ғана жағымсыз әсер етпейді, сонымен қатар сыртқы экономикалық іс-әрекетке қатысушылармен шиеленісуге әкеліп соқтырады, сыбайлас жемқорлық көріністеріне алғы шарттар туғызады *(тәжірибеде шекаралық бақылау бөлімшелері жүктің ілеспе құжатын және жүкті тексерусіз шекара арқылы импорттық өнімдерді шығару фактісінің дұрыстығын толық көлемде растай алмайды)*. Бұл жағдай Шекара қызметі растаған, сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының Салық органдарына ұсынатын мәліметтерінің растығына күмән келтіреді. Жүктерді және ілеспе құжаттарды тексеру іс-шаралары Мемлекеттік шекара арқылы бара жатқан адамдардың тарапынан жазғыру және шағымдану тудырады, қызметтік өкілеттігін және кедендік міндеттерді орындауда асыра пайдаланды деп айыптауға әкеледі *(бірақ Кеден қызметінің ішкі шекарасында кедендік бақылау алынып тасталған)*.

Проблеманы шешу жолы шекара арқылы бара жатқан транспорттық құралдар туралы мәліметті және талондағы мәліметтердің өзгерісін қарау үшін «Бүркіт» БАЖ ресурстарына салық органдарын қосу, сонымен қатар уәкілетті органдардың бірлескен бұйрығын шығару болып табылады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының өз еркімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға (күзетуге) қатысуына және Шекара қызметіне қолдау көрсетуіне байланысты оларға және олардың отбасы мүшелеріне қатысты құқыққа қарсы іәрекеттер жасауы мүмкін. Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігінде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Заңның жобасын келісу барысында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы

Кодекcінде азаматтардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жөнiндегi өздерiнiң мiндетiн өз еркiмен орындауға байланысты заңды талабына бағынбаған адамдарды жауапқа тарту нормаларын қарастыру ұсынылған.

Заң жобасын қабылдау терiс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау (күзету) саласында уәкiлеттi мемлекеттік органдар қызметiн ұйымдастыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге қажеттi жалпы құқықтық негiз жасауға мүмкiндiк бередi.

Заң жобасының қабыладану жағдайында мүмкiн болатын құқықтық және әлеуметтік-экономикалық, экологиялық салдарлар болжамы оң жағынан сипатталады.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Заңның (жаңа редакцияда) қабылдануы Шекара қызметiнiң және уәкiлеттi органдардың алдында тұрған мiндеттердi, олардың құзыретiне нақты шек қоя отырып сапалы шешуге мүмкiндiк бередi, бұл ұлттық, сондай-ақ шекара қауiпсiздiгiнiң проблемалық мәселелерiн оң шешуге себепшi болады деп есептеймiз.